



### Техникалық сипаттама.

Этанол буларының кәсіби анализаторы (алкотестер)  
FIT-333 үлгісі.

### Негізгі параметрлер:

- ✓ Датчик типі: электрлі - химиялық
- ✓ Үрлеу ұзақтығын және сапасын тексеру функциясы
- ✓ Санитарлық өндеуге жарайтын ауыспалы берік мүштікпен жұмыс істеу
- ✓ Өлшеу диапазоны: 0-4 ‰ ВАС
- ✓ Өлшенетін ең төменгі мән: 0,05‰ ВАС
- ✓ Өлшеу бірлігін таңдау: ‰ВАС, ‰ ВАС, мг/л, мг/100 мл
- ✓ Беті сезімтал түрлі - түсті графикалық TFT дисплей
- ✓ Басқарудың 7 батырмасы
- ✓ AA типті алынатын аккумулятор батареясы – 4 дн
- ✓ Қазақстан Республикасындағы өлшеу құралдарының тізіміне кіргені туралы Куәлікке ие
- ✓ Тасуға арналған қаптың болуы
- ✓ 30000 нәтижені көру және өлшеу бірлігін таңдау мүмкіндігін беретін жады.
- ✓ Деректерді құралған енгізу мүмкіндігі (тексерілушінің АЖТ, куәлік нөмірі, машинасының нөмірі)
- ✓ Анализатормен бір корпуста орналасқан нәтижелерді басып шығаруға арналған шағын - принтердің болуы
- ✓ Нәтижелерді ішкі жадыдан ДК - ге шығарып алу мүмкіндігі
- ✓ Байланыссыз талдау жасауға арналған ыдыстың болуы
- ✓ Зерттеу орынының координаталарын тіркеу мүмкіндігі (қосымша тапсырыс бойынша)

**Толық техникалық сипаттама:**

<b>Мақсаты:</b>	FiT333 (алкотестерлер) үлгілі этанол буларының анализаторлары, үрленетін ауадағы этанол буларының жалпы шоғырлануын жылдам анықтауға арналған.
<b>Қолдану саласы:</b>	Медициналық мақсаттарда алкогольдік мас күйінде болғанын куәландыру үшін қолданылады. Кәсіпорындар үшін - еңбек тәртібін бұзушы тұлғаларды анықтау мақсатында қолданылады. Жол-патрульдік полициясының қызметкерлері үшін, азаматтарды (жүргізушілерді) тексеру мақсатында қолданылады.
<b>Ерекшеліктері:</b>	FiT333 ауаны автоматты тәртіпте алатын және өлшеу нәтижелерін ішкі жады бар дисплейге (соңғы 30000 өлшеу нәтижелері сақталады) шығаратын, өлшеу нәтижелерін басып шығаруға арналған шағын-принтерді қосу мүмкіндігі бар анализатор болып табылады. Сағат және күнді көрсететін қосымша функциялары бар, сезімтал графикалық түрлі - түсті дисплей.
<b>Әрекет ету қағидасы:</b>	Анализатордың әрекет ету қағидасы талданатын ауадағы этанол буларының жалпы шоғырлануын өлшеуге арналған электрлі-химиялық датчикті қолдануға негізделген.
<b>Датчик типі:</b>	Алкогольді таңдап, анықтауға арналған электрлі-химиялық сенсор.
<b>Дисплей:</b>	Беті сезімтал көлемі диагональ бойынша 3.2 дюймдік TFT QVGA түрлі-түсті графикалық дисплей (Touch screen).
<b>Пернетақта:</b>	Басқарудың 7 батырмасы: „C, On-Off, “ Up ”, “ Down ”, “ Left ”, “ Right ”, “ OK ” батырмасын басу арқылы қосу және сөндіру.
<b>Басқару:</b>	Анализатордың барлық функцияларын басқару батырмаларын басу арқылы немесе анализатор дисплейіндегі пиктограммаларды, функционалдық батырмаларды саусақпен немесе бағыттауышпен басу арқылы жүзеге асырады.
<b>Қуат алу:</b>	Қуат беру көзі ретінде Ni-Cd немесе Li-Ion типті аккумуляторлар пайдаланылады (4 дн). Анализаторды зарядтауға арналған желілік қуат блогы бар. А/м борттық желісінен қуаттау құралының болуы (опция).
<b>Қызу:</b>	Камера мен сенсордың автоматты қызып кетуі. Қызу уақыты - 1 мин. артық емес.
<b>Сенсорды бұрынғы үлгіден тазарту уақыты:</b>	- 0,30 мг/л 30 с артық емес, - 1,50 мг/л 2 мин артық емес
<b>Үрлеуді анықтау:</b>	Үрлеудің көлемін, ұзақтығын және басталуын автоматты түрде анықтау.
<b>Сақтау шарттары:</b>	40 С- тан бастап + 85 С- қа дейін.
<b>Пайдалану шарттары:</b>	-20 °С-тан +70 °С-қа дейін. Қысым: 84-тен 106 кПа дейін. Биіктіктің өзгеруі құралдың көрсеткіштеріне әсер етпейді. Ылғалдылық: 20% - дан 98 %-ға дейін.

<b>Деректерді ДК-ге жүктеу:</b>	USB порты арқылы сәйкес ДК IBM - ға хаттамаларды жүктеу
<b>Өлшеу диапазоны:</b>	Промилле бірліктерінде: 0,00 ‰ВАС бастап 4 ‰ВАС дейін; мг/л бірліктерінде: 0,00 мг/л бастап 2,0 мг/л дейін; пайыздарда: 0,00% бастап 0,4 % дейін
<b>Нәтижені көрсетудің ең төменгі мәндері:</b>	0,05 ‰ВАС
<b>Нәтижені көрсету бірліктері:</b>	Анализатор нәтижелерді промилле бірліктерін арқылы сандық бейнеде көрсетеді - ‰ВАС, пайыздарда % - % ВАС, мг/л – mg/l. Промилле бірліктері мен мг/л арасындағы қайтадан есептеу коэффициентін қою мүмкіндігі.Нәтижені уақыт ішіндегі шоғырланудың өзгерісінің графигі ретінде көрсету.
<b>Индикаторлау:</b>	Алкогольдің шекті деңгейлерінен асып кеткен кездегі индикаторлау тәртіптері. Анализатор қалыпты деңгейден асып кеткен жағдайда, бұл жағдайды экран түсін өзгерту арқылы бейнелейді.
<b>Ауытқу шектері:</b>	Стандартты ауытқу: $\pm 0,05$ ‰ ВАС немесе $\pm 5\%$ ВАС. Салыстырмалы ауытқу $\pm 5$ % өлшеу нәтижесіне байланысты. Ай сайынғы сезімталдық дрейфі $<0,8$ %
<b>Калибрлеу:</b>	Көрсеткіштерді заңсыз түзетудің алдын алу үшін, калибрлеу тәртібін код-күпия сөзбен қорғау тәртібі, жылдам калибрлеу мүмкіндігі. Қайтадан калибрлеуге кеңес берілетін кезең - 12 ай.
<b>Сапасын тексеру:</b>	Анализатор жұмысын өздігінен тексеру тәртібінің болуы.
<b>Габаритті мөлшерлері:</b>	Ұзындығы 188 мм* Ені 78 мм* Қалыңдығы 33 мм
<b>Салмағы:</b>	300 г артық емес болады (аккумуляторсыз).
<b>Интерфейстері:</b>	Өлшеу нәтижелерін қағазға басып шығаруға арналған шағын - принтерді қосатын интерфейснің болуы.
<b>Жады:</b>	Кіргізілген деректермен бірге 30000 нәтиже. Нәтижелерді жадынан қарау, ДК-ге, сыртқы принтерге шығару мүмкіндігі.
<b>Қажетті керек-жарақтар:</b>	Оларды санитарлық өңдеуден кейін, қайта пайдалану мүмкіндігі бар, ауыстырылатын пластик мүштіктерді пайдалануға болады. Байланыссыз талдау жасауға арналған пластиктен жасалған ыдыс.
<b>Дисплейде деректердің көрсетілуі:</b>	Түрлі-түсті графикалық TFT дисплей келесі ақпаратты көрсетеді: - батарея қуатының деңгейі - сағат - үлгінің ішкі журнал бойынша нөмірі - тест нәтижесі - өлшенетін көлем бірліктерін белгілеу -өлшеуге даярлық кезіндегі уақытты кері санау  - анализатордың күйі туралы мәтін түріндегі хабарлама - алкогольдің белгіленген деңгейден артуын түске бояу арқылы бейнелейді

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қызмет көрсету мәзірі</li> <li>- қателіктердің кодтары</li> <li>- Қосымша тәртіптер: күнтізбе, сағат.</li> <li>- Сенсорды тексеру функциясы (графикалық тәртіп)</li> <li>- Орналасу орнының координаталарын көрсету GPS (опция)</li> </ul>
<b>Толымдама және қаптама:</b>	<p>Өлшеу құралы Салуға арналған кейс Мүштік, 25 дн. мүштікке арналған адаптер – 1 дн. Байланыссыз талдау жасауға арналған ыдыс – 1 дн. а/м борттық желісінен қуат алатын құрылғы 220В желіден қуат алатын құрылғы ДК жалғанатын кабель Қаптама принтерге арналған қағаз, 4 дн. АА типті 1,2 Ni-MH аккумуляторлары Ыдысы 2400 мА немесе одан үлкен - 4 дн.</p>
<b>Қосымша керек-жарақтар (жиынтыққа жатпайды):</b>	Сыртқы портативті принтер, ауыстырылатын мүштіктер, ыдыс, спирттік-ауа қоспаларының генераторы (анализатордың жұмысын тексеруге арналған), принтерге арналған қағаз
<b>Жетілдірілген пайдаланушы интерфейсі:</b>	Электронды сағат, электронды күнтізбелер кіріктіріліп жасалған. Дисплейдің жарығын реттеу. Дисплейде аккумулятор зарядының дәрежесі көрініп тұрады. Анализатордың жеке сериялық нөмірі құралдың жадында сақталған. Деректерді дисплейге енгізуге және басып шығаруға мүмкіндік береді: ДК нөмірі, АЖТ, А/М нөмірі, орын идентификаторы, полиция қызметкерінің нөмірі.
<b>ҚР метрологиялық тіркеу туралы мәліметтер:</b>	30.10.2014 г. тіркеу № KZ.02.02.04268-2014 № 11264 өлшеу құралдарының түрлерін бекіту туралы куәлік
<b>Аралық тексеру интервалы:</b>	12 айдан кем емес
<b>Қызмет көрсету:</b>	Қазақстан Республикасында жөндеу, баптау және қызмет көрсетуді жүзеге асыратын қызмет көрсету орталығы бар. Тексеру бойынша куәландырылған зертханалар бар.
<b>Кепілдеме мерзімі:</b>	6 ай
<b>Кеңес берілетін жүктеме:</b>	Кезекті 50 өлшеуден артық емес. Содан кейін 15 минуттық үзіліс талап етіледі. Сау екенін тандап анықтауға арналған.

**ҚҰЖАТТАМА (электронды файлдарға сілтеме):**

Пайдалану бойынша нұсқаулықтың орыс тіліндегі мәтіні.

Пайдалану бойынша нұсқаулықтың қазақ тіліндегі мәтіні.

Өлшеу құралдарының реестріне енгізу туралы куәлік

Толық техникалық сипаттама.

Кәсіпорынға арналған кәсіби алкотестерді қалай таңдау керек екені туралы пайдалы ақпаратты оқыңыз.